

2010 жылда міндетті сақтандыруға жататын, дәнді және майлы дақылдар бөлігінде егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 152 қаулысы.
Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 мамырда № 9-20-178 тіркелді

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. 2010 жылда Федоров ауданының аумағында дәнді және майлы дақылдарын егуді бастау мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері белгіленсін:

1) дә н д і да қ ы л д а р :
бидай, арпа, сұлы, тары, қарақұмық - 14 мамырдан 5 маусымға дейін;

2) м а й л ы да қ ы л д а р :
жаздық рапс, зығыр, күнбағыс, арыш, қыша – 15 мамырдан 5 маусымға дейін;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.М. Дощановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткенінен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

А. Корниенко

"Ф е д о р о в а у д а н ы н ы ң а у ы л
ш а р у а ш ы л ы ғ ы ж ә н е
в е т е р и н а р и я б ө л і м і"
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і н і ң
б а с т ы ғ ы

_____ В. Завгородний